

"Павлодар химия зауыты" акционерлік қоғамының конкурстық массасын сатудың ерекше шарттары мен тәртібі туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 14 шілдедегі N 677 Қаулысы

"Банкроттық туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 21 қаңтардағы Заңы 2-бабының 4-тармағына сәйкес, "Павлодар химия зауыты" акционерлік қоғамын банкрот деп тануға байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. "Павлодар химия зауыты" акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Қоғам) конкурстық массасын сатудың мыналарды:

- 1) конкурстық массаны бірыңғай лотпен (бұдан әрі - лот) сатуды;
- 2) лотты сатудың ең төменгі бағасын әкімшілік шығыстардың әрі бірінші және екінші кезектегі кредиторлардың талаптары сомасынан төмен емес етіп белгілеуді;
- 3) шаруашылық қызметтің үздіксіздігін сақтай отырып, банкроттық рәсімін өткізуді ;
- 4) Павлодар облысының әкімдігімен келісілген бар өндірістің тиімділігін арттыру және бейбіт мақсаттағы химия өндірістерін дамыту жөніндегі өндірістік бағдарламаның болуын көздейтін ерекше шарттары мен тәртібі белгіленсін.

2. Қоғамның конкурстық массасын сатып алушыларға мынадай қосымша талаптар белгіленсін :

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тиісті лицензиялардың, оның ішінде жарылу, өрт қаупі бар өндірістерді пайдалануға Бас лицензиясының болуы ;

- 2) N 2 алаңының корпустарын жою бойынша міндеттемелер қабылдауы;
- 3) қатты өнеркәсіптік қалдықтарды көму полигонын, өнеркәсіптік ағындарды булағыш - Былқылдақ жинақтаушы су қоймасын одан әрі пайдалануды қамтамасыз ету;

4) кәбілдік және аяқ киім пластикатын өндіру цехын консервациялау мен оның сақталуы туралы міндеттемелер қабылдау;

5) міндетті экологиялық аудитті жүргізу жөнінде міндеттемелер қабылдау;

6) Қоғамның жұмыс орындарын сақтау жөнінде міндеттемелер қабылдау.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.03.06. N 169 Қаулысымен.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК